«БЕКІТІЛДІ»
«Қазақ ұлттық қыздар
педагогикалық университеті» КеАҚ
Ғылыми кеңесінің шешімімен
«01» қыркүйек 2023 жыл
№10-4 бұйрық

# ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ (МАГИСТРАТУРА)

**Е 025 ЖОКББМ/ҒД-23**

**Тірк. №** 09/05-01-01
**Дана №** түпнұсқа

**Енгізу күні** 01.09.2023ж.
(күні, айы, жылы)

**Алматы қ., 2023 жыл**

## МАЗМҰНЫ


| | | |
|---|---|---|
| 1 | Қолдану саласы........................................................................................... | 3 |
| 2 | Нормативтік сілтемелер.................................................................................. | 3 |
| 3 | Терминдер мен анықтамалар.......................................................................... | 3 |
| 4 | Белгілер мен қысқартулар.............................................................................. | 5 |
| 5 | Магистратура білім беру деңгейінің міндеттері.............................................. | 6 |
| 6 | Магистратура білім беру бағдарламасының құрылымы және мазмұнына қойылатын талаптар.................................................................................................. | 6 |
| 7 | Магистранттар контингентін қалыптастыру.................................................... | 7 |
| 8 | Магистратура білім беру деңгейінде оқу процесін ұйымдастыру................. | 8 |
| 9 | Ғылыми жарияланым және ғылыми-зерттеу жұмысы..................................... | 9 |
| 10 | Магистранттардың ғылыми-зерттеу /эксперименттік-зерттеу жұмысы...... | 10 |
| 11 | МҒЗЖ/МЭЗЖ орындалуын бақылау және бағалау......................................... | 15 |
| 12 | Ғылыми тағылымдаманы ұйымдастыру және талаптары.............................. | 16 |
| 13 | Жауапкершілік және өкілеттілік....................................................................... | 19 |
| 14 | Өзгерістер енгізу............................................................................................. | 19 |
| 15 | Келісу, сақтау, тарату........................................................................................ | 19 |
| | Қосымшалар | 21-35 |
| | Келісу парағы | 36 |
| | Танысу парағы | 37 |
| | Өзгерістерді тіркеу парағы | 38 |

## 1. ҚОЛДАНУ ОБЛЫСЫ

1.1. «Магистратура деңгейі бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру туралы Ереже (бұдан әрі – Ереже) «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) магистратураның білім деңгейі бойынша жұмысты ұйымдастыру және жүргізу тәртібін айқындайды.

1.2. Ереже Қоғамның нормативтік құжаттамасының құрамына кіреді және оның талаптары Қоғамның барлық қызметкерлері үшін міндетті болып табылады.

## 2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1. Ереже келесі нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес әзірленді:

- «Білім туралы» ҚР Заңы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығымен (бұдан әрі – Типтік қағидалар) бекітілген Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік Қағидалары;

Қоғамның Директорлар Кеңесінің шешімімен бекітілген 2023 жылғы 16 маусымдағы №3 хаттамасы «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау Ережесі (магистратура, докторантура).

2.2. Ережеде келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:

- «Білім туралы» ҚР Заңы;
- «Ғылым туралы» ҚР Заңы;
- ҚР БҒМ 2011 жылғы 31 наурыздағы №126 бұйрығымен бекітілген ғылыми дәрежелерді беру Қағидалары;
- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім Министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары.
- 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі.

## 3. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

| | |
|---|---|
| **Академиялық күнтізбе** | демалыс (каникул) күндерін көрсете отырып, оқу жылы ішінде оқу сабақтарын және бақылау іс-шараларын өткізу кестесі |

| | |
|---|---|
| **Академиялық ұтқырлық** | білім алушыларды немесе оқытушы-зерттеушілерді белгілі бір академиялық кезеңге: семестрге немесе оқу жылына басқа жоғары оқу орнына (ел ішінде немесе шетелде) оқыту немесе зерттеу жүргізу үшін өз ЖОО-да кредиттер түрінде игерілген білім беру бағдарламаларын міндетті түрде қайта есептей отырып немесе басқа ЖОО-да оқуын жалғастыру үшін ауыстыру |
| **Білім беру бағдарламасы** | оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды және оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының бірыңғай кешені |
| **Есеп** | нақты жұмыстың орындалу фактісін растайтын қорытынды мәтіндік, графикалық немесе басқа нысандағы құжат |
| **Европалық трансферт жүйесі (аудару) және кредиттерді жинақтау (ECTS)** | білім беру бағдарламаларының компоненттеріне (пәндерге, курстарға, модульдерге) кредиттік бірліктерді (кредиттерді) беру тәсілі, олардың көмегімен білім алушылар меңгерген оқу пәндерін (кредиттермен және бағалармен) салыстыру және қайта есептеу білім беру траекториясын, оқу орнын және оқу елін ауыстыру кезінде жүзеге асырылады |
| **Жазғы семестр** | оқу бағдарламаларындағы академиялық қарыздар мен айырмашылықтарды жоюға, сондай-ақ қосымша оқуға арналған қосымша семестр |
| **Зерттеу практикасы** | отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерімен, ғылыми зерттеулердің, эксперименттік деректерді өңдеудің және түсіндірудің заманауи әдістерімен танысуға бағытталған оқу жұмысының түрі |
| **Магистрант** | магистратурада оқитын адам (тұлға) |
| **Магистратура** | нормативтік оқу мерзімі 1-2 жыл тиісті мамандық бойынша «магистр» академиялық дәрежесін бере отырып, ғылыми және педагогикалық кадрларды даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік білім беретін оқу бағдарламасы |
| **Магистрлік диссертация** | магистранттың тиісті ғылым саласының нақты мамандығының өзекті мәселелерінің бірін өз бетінше зерттеу нәтижелерін жалпылау болып табылатын ғылыми жұмыс |

| | |
|---|---|
| **Магистр** | магистратураның білім беру бағдарламаларын меңгерген адамдарға берілетін академиялық дәреже |
| **Микрокредиттік пәндер** | дербес және аяқталған сипаттағы оқу материалының шағын көлемінің біріздендірілген өлшем бірлігі |
| **Өндірістік практика** | оқыту процесінде алынған теориялық білімді бекіту, практикалық дағдыларды, оқытылатын мамандық бойынша кәсіби қызмет тәжірибесінің құзыреттілігін игеру, сондай-ақ озық тәжірибені игеру мақсатында жүргізілетін практика түрі. |
| **Педагогикалық практика** | оқытудың практикалық дағдылары мен әдістемесін қалыптастыру мақсатында жүргізілетін магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысының түрі |
| **Пререквизиттер** | оқытылатын пәнді меңгеру үшін қажетті білімді, іскерлікті және дағдыларды қамтитын пәндер тізбесі |
| **Транскрипт** | пәндерді және олар үшін алынған бағаларды тізімдей отырып, білім алушының үлгерім туралы құжат |
| **Әдебиетке шолу** | зерттеудің теориялық негізі ретінде пайдаланылатын негізгі әдеби дереккөздерді таңдау және зерттеу |
| **Ғылыми ұсыныс** | ғылыми ізденіс, зерттеулер жүргізу мақсатында ғылыми жұмыстарының зерттеу әдістерін, ғылыми бағыттарын таңдауды, ғылыми нәтижелерінің қолданылу аясын анықтауды және іске асыруды қалыптастыру |
| **HeRo Study Space** | бұл жоғары оқу орындарының оқу қызметін цифрландыруға арналған платформа, осы бағдарламалық кешеннің көмегімен олар оқу процесін онлайн форматта талдай және жоспарлай алады |

## 4. БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы Ережеде мынадай қысқартулар пайдаланылды:

| | |
|---|---|
| **ҒЗИ** | – Ғылыми зерттеу институты |
| **ЖОЖ** | – Жұмыс оқу жоспары |
| **ЖОО** | – Жоғары оқу орны |
| **ЖОКБББ** | – Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі |
| **МЖМБС** | – Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты |
| **МЖОЖ** | – Магистранттың жеке оқу жоспары |
| **МҒЗЖ** | – Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы |
| **МЭЗЖ** | – Магистранттың эксперименталды - зерттеу жұмысы |
| **МӨЖ** | – Магистранттың өзіндік жұмысы |

| | |
|---|---|
| **МОӨЖ** | – Магистранттардың оқытушымен өзіндік жұмысы |
| **ПОӘК** | – Пәннің оқу-әдістемелік кешені |
| **ЭПК** | – Элективті пәндер каталогы |

## 5. МАГИСТРАТУРА МІНДЕТТЕРІ

Мамандарды даярлау және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау арқылы магистратура мынадай негізгі міндеттерді іске асырады:

5.1. Магистратурада кадрлар даярлау білім беру бағдарламалары негізінде екі бағыт бойынша жүзеге асырылады:

1) ғылыми-педагогикалық магистратурада - магистранттың оқу және ғылыми қызметінің барлық түрлерін қоса алғанда, бүкіл оқу кезеңі үшін кемінде 120 академиялық кредит мөлшерінде;

2) бейінді магистратурада кемінде 60 академиялық кредит, оқу мерзімі 1,5 жыл болатын кемінде 90 кредит және 110 кредиттен аспайтын кредит игеру.

Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратура – ЖОО мен ғылыми ұйымдар үшін тереңдетілген ғылыми-педагогикалық және зерттеу даярлығы бар ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау білім беру бағдарламалары арқылы іске асырылады.

Ғылыми-педагогикалық және бейіндік магистратура тереңдетілген кәсіптік немесе ғылыми-педагогикалық даярлығы бар басқарушылық, ғылыми және педагогикалық кадрларды даярлаудың білім беру бағдарламалары арқылы іске асырылады.

5.2. Магистранттарды даярлау деңгейіне қойылатын талаптар жоғары білімнің (магистратура) екінші деңгейіндегі Дублиндік дескрипторлар негізінде айқындалады және оқытудың қол жеткізілген нәтижелерінде игерілген құзыреттерді көрсетеді.

5.3. Магистратураның барлық деңгейлері бойынша білім беру мазмұнын, оқу процесін ұйымдастыру және өткізу тәсілін жоспарлауды кредиттік оқыту технологиясы негізінде жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөлімі жүзеге асырады.

5.4. Оқыту нәтижелері жекелеген модульдер немесе оқу пәндері деңгейінде іске асырылады.

5.5. Магистратураның білім беру бағдарламасын және қорытынды аттестаттаудан сәтті өткен, оқуды толық аяқтаған білім алушыларға «магистр» дәрежесі және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом қосымшасы (транскрипт) беріледі.

5.6. Бітірушіге дипломға қоса жалпыеуропалық қосымшаны Diploma Supplement (диплом саплэмент) тегін береді.

## 6. МАГИСТРАТУРА БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ МАЗМҰНЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

6.1. Магистратураның білім беру бағдарламасы келесі кезеңдерден тұрады:

1) базалық және бейіндеуші пәндер циклдерін зерделеуді қамтитын теориялық оқу;

2) магистранттарды практикалық даярлау: практикалардың, ғылыми және кәсіби тағылымдамалардың түрлері;

3) ғылыми-педагогикалық магистратура үшін – магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын ғылыми-зерттеу жұмысы немесе бейінді магистратура үшін – магистрлік жобаны орындауды қамтитын эксперименттік-зерттеу жұмысы.

4) қорытынды аттестаттау.

6.2. Магистратура білім беру бағдарламасы барлық оқу қызметін қамтиды – дәрістер, семинарлар, топтық сабақ, топтық жаттығулар, практикалық сабақтар, курстық жұмыстар (жобалар), практикалық және зертханалық жұмыстар, студиялық сабақтар, практика, ғылыми немесе кәсіптік тағылымдама, ғылыми-зерттеу жұмысы (эксперименттік-зерттеу жұмысы), магистрлік диссертацияны (жобаны), өзіндік жұмысты, оның ішінде оқытушының жеткшілігімен орындау.

6.3. Магистранттың оқу жүктемесі академиялық кезеңдерден (бекітілген академиялық күнтізбеге сәйкес) (семестр – 15 апта, триместр – 10 апта, тоқсандық – 7-8 апта), қорытынды аттестаттау кезеңінен (бітіру курсында) тұрады.

6.4. Бір оқу жылының толық оқу жүктемесі кемінде 60 академиялық кредитке және бір оқу жылында кемінде 1800 академиялық сағатқа сәйкес келеді. Бұл ретте білім алушы бір семестр ішінде кемінде 30 академиялық кредитті меңгереді. Бір академиялық кредит 30 академиялық сағатқа сәйкес келеді.

6.5. Магистратурада оқу мерзімі меңгерілген академиялық кредиттердің көлемімен айқындалады. Магистр дәрежесін алу үшін академиялық кредиттердің белгілеген көлемі меңгеріліп, күтілген оқыту нәтижелеріне қол жеткізілген жағдайда, білім беру бағдарламасы толық игерілген болып есептеледі.

## 7. МАГИСТРАНТТАР КОНТИНГЕНТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

7.1. Магистранттар контингентін қалыптастыру 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрықпен бекітілген жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын Типтік қағидаларға және Қоғамның жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейі бойынша Қабылдау қағидаларына сәйкес жүргізіледі;

7.2. Магистранттарды қабылдау барысында алдыңғы деңгейдегі оқыту нәтижелері магистратураның білім беру бағдарламасының бейіні МЖМБС сәйкес келген жағдайда автоматты түрде танылады;

7.3. Магистратура білім беру бағдарламасының бейіні жоғары білімнің білім беру бағдарламасына сәйкес келмеген жағдайда магистратураның тиісті кәсіптік оқу бағдарламасын игеру үшін пререквизиттер белгіленеді, олардың тізбесін университет айқындайды.

7.4. Игеру пәндерін магистранттар оқуға қабылдау бұйрығы шыққанға дейін немесе 1 семестрдегі теориялық оқу мерзімімен қатар оқуға құқылы;

7.5. Пререквизиттер Қоғам Басқармасының отырысында бекітілген тариф бойынша ақылы негізде игеріледі.

7.6. Магистратура білім беру деңгейінде игерілетін пререквизиттер саны 15 кредиттен аспауы тиіс;

7.7. Әр білім беру бағдарламасы бойынша игеру пәндері жаңа оқу жылы қабылдау басталғанға дейін кафедра, институт деңгейінде қарастырылып, Қоғамның оқу-әдістемелік кеңесінде бекітіледі немесе арнайы онлайн микрокредиттік пәндер арқылы ақылы негізде ұсынылады;

7.8. Кафедра магистранттарын қабылдағаннан кейін жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөліміне әрбір магистранттың пәндер айырмашылығына (пререквизит) өтінішин тапсырады және төлегеннен кейін пәндерді игеру үшін Қоғамның Басқарма Төрағасы – Ректордың бұйрығы шығарылады;

7.9. Әрбір магистрантқа пәндерді игеру үшін арнайы сабақ кестесі құрылады (жоғары оқу орынынан кейінгі білім беру бөлімі) және кестеге сәйкес емтихандарын тапсырады.

## 8 . МАГИСТРАТУРА БІЛІМ БЕРУ ДЕҢГЕЙІНДЕ ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

8.1. Оқу және бақылау кезеңдерін ұйымдастыру мерзімдері, практика және демалыс кезеңдері, сондай-ақ оқу жылы ішінде ұйымдастыру іс-ашараларының кезеңдері бекітілген академиялық күнтізбе негізінде іске асырылады.

8.2 Магистратура білім беру бойынша Академиялық күнтізбені және оқу процесінің кестесін ЖООКБ бөлімі дайындайды, Басқарма мүшесі - Ғылыми жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректорымен келісіліп, Қоғамның ғылыми кеңесінде бекітіледі.

8.3. Магистратураның білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру кафедра оқу жоспарлары негізінде жүзеге асырылады. Магистранттың оқу жоспарлары жеке оқу жоспары (ЖОЖ) және жұмыс оқу жоспары (ЖОЖ) болып бөлінеді.

8.4. Жұмыс оқу жоспары сабақ кестесін құруға және профессор - оқытушылар құрамынының оқу жұмысының сыйымдылығын есептеуге негіз болады.

8.5. Магистранттардың нақтыланған контингенті, магистранттардың жеке жұмыс жоспарлары және мамандықтың бекітілген оқу жоспарлары негізінде белгіленген талаптарға сәйкес кафедраның оқу жүктемесі есептеледі .

8.6. ЖООКББ бөлімі магистратураның академиялық топтарының оқу сабақтарының кестесін жасайды. Сабақ кестесін Басқарма мүшесі - Ғылыми жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректормен келісіледі. Сабақ кестесі **Қоғам** платформасында жасалынады.

8.7. Кафедра МӨЖ өткізу кестесін жасайды.

8.8. Кафедраға бекітілген магистранттар бекітілген ЖОЖ және ЭПК негізінде жеке оқу жұмыс жоспарларын әзірлейді.

8.9. Әр магистранттың ЖОЖ ғылыми жетекшімен бірге жасалынып, оқитын кафедра отырысында талқыланады және Басқарма мүшесі - Ғылыми жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректорымен бекітіледі. Қажет болған жағдайда ЖОЖ жыл сайын нақтыланып, қайта бекітіледі.

8.10. Магистранттың ЖОЖ келесідей бөлімдерден тұрады.

- ғылыми-зерттеу/эксперименталды-зерттеу жұмысы (тақырыбы, зерттеу бағыты, мерзімі және есеп беру нысаны);
- практика және ғылыми тағылымдама (бағдарлама, база, мерзімі және есеп беру нысаны);
- магистрлік диссертацияның тақырыбы, негіздемесі және құрылымы;
- магистрлік диссертацияны орындау жоспары;
- ғылыми жарияланым жоспары;
- теориялық оқу мерзімі.

## 9. ҒЫЛЫМИ ЖАРИЯЛАНЫМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫ

9.1. Білім алушылар қабылданғаннан кейін екі ай ішінде Қоғамның Басқарма Төрағасы – Ректордың бұйрығымен әрбір магистранттың магистрлік диссертациясының тақырыбы бекітіледі және магистрлік диссертацияға (жобаға) басшылық ету үшін ғылыми жетекші тағайындалады.

9.2. Магистранттың Ғылыми жетекшісі және зерттеу тақырыбы Қоғамның Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітіледі:

Магистрлік диссертацияларға жетекшілікті даярлық бағытының тиісті бейініне сәйкес келетін «ғылым кандидаты» немесе «ғылым докторы» ғылыми дәрежесі немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» дәрежесі, ғылыми–педагогикалық өтілі кем дегенде 3 жыл, білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен Ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ұсынылған ғылыми басылымдар тізбесіне (бұдан әрі – басылымдар Тізбесі) енгізілген басылымдарда 5 ғылыми (соңғы 5 жылда) мақаланың және Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) базасындағы JCR (ЖСР) базасында импакт-факторы бар немесе Science Citation Index Expanded немесе Social Science Citation Index немесе Arts and Humanities Citation Index базаларының біреуінде индексетелетін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 25 болатын халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда бір ғылыми мақаланың авторы болып табылатын оқытушылар жүзеге асырады.

9.3. Магистранттардың ғылыми жетекшілер тізімі және магистрлік диссертациялық тақырыпқа өзгеріс енгізу қажет болған жағдайда 3 семестр басында Қоғамның Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітіледі.

9.4. Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы келесідей нысандарда жүзеге асырылуы мүмкін:

- бекітілген ғылыми-зерттеу жұмыс жоспарына сәйкес ғылыми жетекшінің

тапсырмаларын орындау;

- университет деңгейіндегі семинарларға, теориялық семинарларға (зерттеу тақырыбы бойынша), жазғы, қысқы мектептерге қатысу;

- университетте, басқа жоғары оқу орындарында өткізілетін жас ғалымдарға арналған конференцияларында сөз сөйлеу, сондай-ақ басқа да ғылыми конференцияларға қатысу;

- баяндамалардың, ғылыми мақалалардың тезистерін дайындау және жариялау;

- ғылыми-зерттеу бағдарламалары шеңберінде университет деңгейінде орындалатын ғылыми-зерттеу жобаларына қатысу;

- магистрлік диссертацияны дайындау және қорғау.

9.5. МҒЗЖ нысандарының тізбесі магистрлік бағдарламаның ерекшелігіне қарай нақтылануы және толықтырылуы мүмкін.

9.6. МҒЗЖ негізгі түрлері:

- ғылыми және педагогикалық магистратурада - МҒЗЖ;

- бейіндік магистратурада МЭЗЖ.

9.7. МҒЗЖ/МЭЗЖ нәтижелерін оларды өткерудің әрбір кезеңінің соңында магистрант есеп түрінде ресімдеп, арнайы комиссия алдында есеп береді.

9.8. МҒЗЖ/МЭЗЖ нәтижесі - магистрлік диссертация болып табылады.

9.9. Ғылыми және/немесе педагогикалық бағыттағы ғылыми басылымдарда диссертация тақырыбы бойынша кемінде бір жарияланым және/немесе халықаралық және/немесе республикалық ғылыми конференцияда баяндама шығару.

9.10. Магистрлік диссертация міндетті түрде плагиаттық тексеруден өтуі қажет.

## 10. МАГИСТРАНТТАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ /ЭКСПЕРИМЕНТТІК-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫ

10.1. МҒЗЖ/МЭЗЖ Ережесінің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бекітілген жеке жұмыс жоспарларына байланысты жүзеге асырылады және ғылыми жетекшінің тікелей қатысуымен жасалады.

10.2. МҒЗЖ/МЭЗЖ ұйымдастыру сапасына магистрант және оның ғылыми жетекшісі жауапты.

10.3. Ғылыми жетекші МҒЗЖ/МЭЗЖ ұйымдастыруды, оның сапалы ғылыми және әдістемелік жағын қамтамасыз етуге міндетті.

10.4. МҒЗЖ/МЭЗЖ ғылыми дәрежесі болуы және ғылымның осы саласында ғылыми зерттеулермен белсенді айналысуы тиіс (магистрантты оқыту бағыты бойынша) магистранттың ғылыми жетекшісінің басшылығымен орындалады. Қажет болған жағдайда ғылымның аралас салалары бойынша ғылыми кеңесшілер тағайындалуы мүмкін.

10.5. Ғылыми және педагогикалық магистратурадағы ғылыми-зерттеу жұмысы:

- қорғалатын магистрлік диссертацияның білім беру бағдарламасының бағыты бойынша негізгі сұрақтарға жауап беру;

- өзекті болу, ғылыми жаңалығы және практикалық маңыздылықты қамту;

- ғылым мен практиканың қазіргі теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделу;

- ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін қолдана отырып орындау;

- негізгі Ережелер бойынша ғылыми-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерін қамту;

- тиісті білім саласындағы озық халықаралық тәжірибеге негізделу.

10.6. Бейіндік магистратурада эксперименттік-зерттеу жұмысы:

- қорғалатын магистрлік диссертацияның білім беру бағдарламасының бағыты бойынша негізгі мәселелерге сәйкес келуі;

- ғылымның, техниканың және өндірістің қазіргі заманғы жетістіктеріне негізделу және нақты практикалық ұсыныстарды, басқару міндеттерін дербес шешуді қамту;

- озық ақпараттық технологияларды қолдану арқылы орындау;

- негізгі қорғалатын ережелер бойынша эксперименттік-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерін қамту.

10.7. Магистранттардың ғылыми жұмысы осы Ереженің негізінде Қоғамның бітіруші кафедралары әзірлейтін және нақты БББ бойынша магистрлерді даярлау ерекшелігін ескеретін МҒЗЖ/МЭЗЖ бағдарламасына сәйкес тікелей Қоғамның бітіруші кафедраларында және/немесе ғылыми зертханаларында ұйымдастырылады.

10.8. Магистрлік бағдарлама іске асырылатын бітіруші кафедра бағдарламаның ғылыми/эксперименттік-зерттеу бөлімі бойынша магистрантты даярлауға қойылатын арнайы талаптарды айқындайды.

Талаптардың қатарына мыналар жатады:

- осы білім саласының заманауи мәселелерін меңгеру;

- нақты ғылыми проблеманың даму тарихын, оның зерттелетін ғылыми бағыттағы рөлі мен орнын білу;

- магистрант зерттейтін ғылыми мәселе бойынша нақты білімнің болуы;

- магистрлік бағдарламамен байланысты белгілі бір ғылыми салада ғылыми зерттеулерді, эксперименттік жұмыстарды іс жүзінде жүзеге асыра білу;

- нақты бағдарламалық өнімдермен және Интернеттің нақты ресурстарымен және т. б. жұмыс істей білу.

10.9. Магистранттарды даярлауды жүзеге асыратын бітіруші кафедралар магистрлік диссертациялар/ магистрлік жобалар тақырыбының кафедра мен Қоғамның ғылыми/эксперименттік зерттеу қызметінің бағыттарына сәйкестігін қамтамасыз етуі және магистранттарды Қоғамның бітіруші кафедралар мен ҒЗИ орындайтын ғылыми жобаларға қатысуға тартуы тиіс.

10.10.МҒЗЖ/МЭЗЖ шеңберінде магистранттың инновациялық технологиялармен және өндірістің жаңа түрлерімен танысу үшін жеке жұмыс жоспарында ғылыми ұйымдарда және/немесе тиісті салалардағы немесе қызмет салаларындағы ұйымдарда ғылыми тағылымдамадан міндетті түрде өту көзделеді.

10.11.Бітіруші кафедралар магистранттардың өздерінің ғылыми/эксперименттік-

зерттеу жұмыстарын орындауына мониторинг жүргізіп, кафедра отырысында әр семестр сайын магистранттардың жұмыс нәтижелерін талқылап, оларға баға беруі тиіс.

10.12. Әр семестр сайын (кезең) магистрант кафедра отырыстарында қорғалады және қорғау нәтижелері бойынша келесі кезеңге жіберіледі.

10.13. Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелері:

**1) 1-ші семестрде (1 кезең) әдебиеттерге шолу/теориялық шеңбер/ тұжырымдамалық шеңбер - 30%:**

а) 2 апталық интенсивті курстан өту;

- магистрлік диссертация тақырыбын таңдау
- магистрант пен ғылыми жетекшінің міндеті
- магистрлік диссертацияның құрылымы
- әдеби шолу
- ақпараттарды/деректерді жинау
- зерттеу жүргізу/тәжірибе/эксперимент
- қорытынды жасау

в) магистрлік диссертация тақырыбын және ғылыми жетекшілерін бекіту;

с) магистранттың негізгі іс-шаралары мен оларды іске асыру мерзімдерін көрсете отырып жеке жұмыс жоспарын әзірлеу және бекіту;

d) диссертациялық зерттеудің мақсаттары мен міндеттерін нақтылау;

е) Әдебиеттерге шолу/literature review - зерттеудің теориялық негізі ретінде пайдаланылатын негізгі әдеби дереккөздерді таңдау және зерттеу. Әдебиеттерді шолудың негізі зерттелетін мәселенің теориялық аспектілерін, ғылыми монографиялар мен ғылыми журналдардың мақалаларын ашатын дереккөздер болуы керек;

f) зерттеу тақырыбы бойынша диссертациялық жұмыс көлемінің кемінде 30% - орындау;

- магистранттың жеке жұмыс жоспарында көзделген өзге де іс-шараларды орындау;
- МҒЗЖ 1 кезеңдегі нәтижелері бойынша Ғылыми комитетте немесе арнайы комиссия алдында қорғау, жалпы 100 % бағаланады.

Бағалау жүйесі екі кезеңнен тұрады:

- интенсивті курстың нәтижесінде 2000 сөзден тұратын эссе жазу (100% бағалаудың 30% эссе қорытындысының бағасы)
- әдебиеттерге шолу/Literature review 5000 сөзге дейін жазу (жалпы 100% бағалаудың 70% әдебиеттерге шолу бойынша бағаланады)

**2) 2-ші семестрдегі зерттеу әдістері (2 кезең) / зерттеу нәтижелері - 50%:**

- 2 апталық интенсивті курстан өту;
- магистранттардың бекітілген жеке ғылыми –зерттеу жоспары бойынша жұмыс жүргізу;

- өзіне (яғни, этнографиялық зерттеулер), сондай-ақ жануарларға жүргізілген зерттеулерді қоспағанда, адамдарға қатысты барлық зерттеулерді Қоғамның этика комитеті мақұлдауы керек;

- (scientific proposal) ғылыми тақырыбы бойынша 7000 сөзге дейін негіздеме жазу;

- зерттеу тақырыбы бойынша диссертациялық жұмыс көлемінің кемінде 50% - орындау;

- магистранттың жеке жұмыс жоспарында көзделген өзге де іс-шараларды орындау;

- бағалау жүйесі - Ғылыми комитетте немесе арнайы комиссия алдында ғылыми тақырыбы бойынша негіздемені қорғау (scientific proposal), жалпы 100 % бағаланады.

**3) 3-ші семестрде (3 кезең) зерттеу нәтижелерін талқылау -70%:**

- 2 апталық интенсивті курстан өту;

- деректерді жинау/ эксперимент/талдау/ тәжірибе/зерттеу (диссертация үшін нақты материалды өңдеу және талдау, зерттеу тақырыбы бойынша графикалық кескіндер мен басқа иллюстрацияларды әзірлеу және құру);

- магистранттың жеке жұмыс жоспарында көзделген өзге де іс-шараларды орындау;

- зерттеу тақырыбы бойынша диссертациялық жұмыс көлемінің кемінде 70% - орындау;

Бағалау жүйесі - Ғылыми комитетте немесе арнайы комиссия алдында деректерді жинау/эксперимент/талдау/ тәжірибе/зерттеу бойынша қорғау, жалпы 100 % бағаланады (жалпы 15000 сөзге дейін).

**4) 4-ші семестрде (4 кезең) осы саладағы білімді дамытуға қосқан үлесі / ұсыныстар / рефлексия / қорытынды - 100% :**

- магситрлік диссертация жазу (жалпы 20000-25000 сөз), ғылыми мақала шығару;

- ғылыми тағылымдамадан өту;

- магистрлік диссертацияның түпкілікті мәтінін дайындау және оны ресімдеу, зерттеу тақырыбы бойынша теориялық және эксперименттік жұмыс көлемінің 100% орындау;

- алдын ала қорғаудан өту;

- антиплагиаттан өту;

Бағалау жүйесі - магистрлік диссертацияны қорғау (қорытынды аттестация комиссиясында қорғау, жалпы 100 %)

**Магистранттың эксперименттік -зерттеу жұмысының нәтижелері:**

**1) 1-ші семестрде (1 кезең) әдебиеттерге шолу / теориялық шеңбер / тұжырымдамалық шеңбер - 30%:**

а) 2 апталық интенсивті курстан өту;

- магистрлік диссертация тақырыбын таңдау

- магистрант пен ғылыми жетекшінің міндеті

- магистрлік диссертацияның құрылымы

- әдеби шолу
- ақпараттарды/деректерді жинау
- зерттеу жүргізу/тәжірибе/эксперимент
- қорытынды жасау

в) магистрлік диссертация тақырыбын және ғылыми жетекшілерін бекіту;

с) магистранттың негізгі іс-шаралары мен оларды іске асыру мерзімдерін көрсете отырып жеке жұмыс жоспарын әзірлеу және бекіту;

d) диссертациялық зерттеудің мақсаттары мен міндеттерін нақтылау;

е) әдебиеттерге шолу/literature review - зерттеудің теориялық негізі ретінде пайдаланылатын негізгі әдеби дереккөздерді таңдау және зерттеу. Әдебиеттерді шолудың негізі зерттелетін мәселенің теориялық аспектілерін, ғылыми монографиялар мен ғылыми журналдардың мақалаларын ашатын дереккөздер болуы керек;

f) зерттеу тақырыбы бойынша диссертациялық жұмыс көлемінің кемінде 30% - орындау;

- магистранттың жеке жұмыс жоспарында көзделген өзге де іс-шараларды орындау;
- МҒЗЖ 1 этаптың нәтижелері бойынша Ғылыми комитетте немесе арнайы комиссия алдында қорғау, жалпы 100 % бағаланады.

Бағалау жүйесі екі кезеңнен тұрады:

1. Интенсивті курстың нәтижесінде 2000 сөзден тұратын эссе жазу (100% бағалаудың 30% эссе қорытындысының бағасы)
2. Literature review/ 5000 сөзге дейін әдебиеттерге шолу жазу (жалпы 100% бағалаудың 70% әдебиеттерге шолу бойынша бағаланады)

**2) 2-ші семестрде (2 кезең) зерттеу әдістері/ зерттеу нәтижелері - 50%:**

- 2 апталық интенсивті курстан өту;
- магистранттардың бекітілген жеке ғылыми –зерттеу жоспары бойынша жұмыс жүргізу;
- өзіне (яғни, этнографиялық зерттеулер), сондай-ақ жануарларға жүргізілген зерттеулерді қоспағанда, адамдарға қатысты барлық зерттеулерді Қоғамның этика комитеті мақұлдауы керек;
- (scientific proposal) ғылыми тақырыбы бойынша 7000 сөзге дейін негіздеме жазу;
- зерттеу тақырыбы бойынша диссертациялық жұмыс көлемінің кемінде 50% - орындау;
- магистранттың жеке жұмыс жоспарында көзделген өзге де іс-шараларды орындау;

**Зерттеу нәтижелерін талқылау -70%:**

- деректерді жинау / эксперимент/талдау/ тәжірибе/зерттеу (диссертация үшін нақты материалды өңдеу және талдау, зерттеу тақырыбы бойынша графикалық кескіндер мен басқа иллюстрацияларды әзірлеу және құру);

- магистранттың жеке жұмыс жоспарында көзделген өзге де іс-шараларды орындау;

- зерттеу тақырыбы бойынша диссертациялық жұмыс көлемінің кемінде 70% - орындау;

Бағалау жүйесі - (scientific proposal) ғылыми тақырыбы бойынша негіздемені, деректерді жинау / эксперимент/анализ/ тәжірибе/зерттеу бойынша Ғылыми комитетте немесе арнайы комиссия алдында қорғау, жалпы 100 % бағаланады (жалпы 15000 сөзге дейін).

**3) 3-ші семестрде (3 кезең) осы саладағы білімді дамытуға қосқан үлесі / ұсыныстар / рефлексия / қорытынды - 100% :**

- магситрлік диссертация жазу (жалпы 20000-25000 сөз), ғылыми мақала шығару;

- ғылыми тағылымдамадан өту;

- магистрлік диссертацияның түпкілікті мәтінін дайындау және оны ресімдеу, зерттеу тақырыбы бойынша теориялық және эксперименттік жұмыс көлемінің 100% орындау;

- алдын ала қорғаудан өту;

- антиплагиаттан өту;

Бағалау жүйесі - магистрлік диссертацияны қорғау (қорытынды аттестация комиссиясында қорғау, жалпы 100 %)

## 11. МҒЗЖ/МЭЗЖ ОРЫНДАЛУЫН БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

11.1. МҒЗЖ/МЭЗЖ орындалуын қадағалау үшін ғылыми жетекшінің қатысуымен өтетін арнайы кестесі жасалады, кесте Басқарма мүшесі – ғылыми жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректорымен бекітіледі (қосымша 4).

11.2. Магистранттардың ғылыми/эксперименттік жұмысын бағалау, магистранттың жеке жоспарының уақтылы орындалуын бақылау, магистрлік диссертация / магистрлік жобаны жазуға дайындықты бақылау, бағыт бойынша дұрыс нәтижелерге қол жеткізу мақсатында зерттеулер жүргізу нәтижелерін талдау, магистранттардың қорғауға уақтылы шығуын қамтамасыз ету МҒЗЖ/МЭЗЖ орындалуын бақылаудың негізгі міндеттері болып табылады.

11.3. Магистрант ғылыми жетекшілеріне бекітілген жеке жұмыс жоспары бойынша айына кемінде бір рет кездесіп есеп беру қажет және магистрант ғылыми жетекшімен келесідей нысандарда кездесу жүргізе алады:

- орындалған жұмыстардың жекелеген нәтижелері бойынша магистранттың есептерін талқылау;

- орындалған жұмыстардың нәтижелері бойынша әңгімелесу;

- магистрант жұмысының әр кезеңінде дайындық деңгейін тексеру;
